

Көшені қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылдық округ әкімінің 2010 жылғы 5 мамырдағы N 25 шешімі. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 маусымда N 12-4-82 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына және ауыл тұрғындарының пікірлерін есепке ала отырып

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының Театральный тұйық көшесі Павел Дубовой атындағы көшесі ретінде қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы шешімнің орындалуын өзім бақылаймын.

Округ әкімі

Е. Машырықов